

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2020 жылғы 4 тамыздағы № 519 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 тамызда № 9367 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2023 жылғы 13 қарашадағы № 60 шешімімен.

**Ескерту.** Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.11.2023 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің қағидалары бекітілсін.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

**Ескерту.** 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Мәслихаттың мынадай шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық

жынының қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 240 (2014 жылғы 29 мамырда "Айна" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4769 болып тіркелген);

2) "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Қостанай ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 29 сәуірдегі № 233 (2014 жылғы 29 мамырда "Айна" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4762 болып тіркелген).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*В. Гизатов*

*А. Тюлюбайев*

*Қарабалық*

*аудандық мәслихатының  
шешіміне 1-қосымша*

**Ескерту.** 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

**Ескерту.** Қағидалар жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің Қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 707 қаулысына сәйкес өзірленді және Тоғызақ ауылдық округінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-еzi басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы участеклерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін үш адамнан аспайтын мөлшерде өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тоғызақ ауылдық округінің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Тоғызақ ауылдық округінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін он күнге.

7. Участке шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиынын өткізууді Тоғызақ ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашылуы алдында тиісті участекенің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде етті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Тоғызақ ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Тоғызақ ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін участке тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын аудан мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынның қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған тәраға мен хатшы қол қояды және ол Тоғызақ ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Карабалық  
аудандық мәслихатының шешіміне 2-  
қосымша

**Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгеріс енгізілді -** Қостанай облысы Карабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің ауылдарының жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Карабалық ауданы мәслихатының 13.05.2022 № 138 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Елдің мекенниң атауы	Ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Тоғызақ ауылы тұрғындары үшін	3
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Гурьянов ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Ворошилов ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Верен ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Надеждин ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Елшан ауылы тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Целинный ауылы тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Сарықөл ауылы тұрғындары үшін	2
Қостанай облысы Карабалық ауданы Тоғызақ ауылдық округінің Котлован ауылы тұрғындары үшін	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК